

-/-

ді, танырыс беруші
ХАН ИДН» ЖЫС
ерев Бауыржан Нурж
аныраты, өзінің аты аңдыту
" _____

Бұйрықпен бекітілді:
 "Түркістан облысының жер қатынастары
 басқармасы" ММ басшысы Е.Тілеген
 (жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органның атауы)
 2025 ж. " " №

(Жерге орналастыру жобасын әзірлеген жеке және заңды тұлғаның атауы)

(жерге орналастыру жобасының атауы)

Берілген күні 2025 ж " " _____

Жерге орналастыру жобасының тізімдемесі

Р/с №	Құжаттардың атауы	Парақтар саны	Беттің нөмірі
	Мәтіндік бөлім		
1	Жерге орналастыру жобасының титул парағы		
2	Жерге орналастыру жобасының тізімдемесі		
3	Тапсырыс берушіден қабылданған құжаттар тізбесі		
4	Жерге орналастыру жобасын әзірлеуге арналған өтініш		
5	Жер учаскесі шекараларының сызбалары мен таңдау актілері, Жер комиссиясының оң қорытындысы		
6	Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу, (қайта тіркеу) туралы анықтама		
7	Өкілеттігін растайтын құжаттың немесе сенімхаттың нот ариалды куәландырылған көшірмесі		
8	Жобаланатын жобалық шешімдерді негіздеу үшін қажетті құжаттар		
	Техникалық бөлімі:		
9	Жерге орналастыру жобасына түсіндірме жазба		
10	Жерге учаскесін танаптық зерттеп-қарау актісі		
11	Теодолиттік (GPS) жүрістерді қиыстыру ведомосі		
12	Өлшемдер журналы		
13	Абрис		
14	Жер учаскесінің схемасы (жоспары)		
15	Желілік объектілердің схемасы (жоспары)		
16	Жерге орналастыру процесіне қатысушылардың жер учаскесін келісу схемасы (жоспары)		
17	Жобаланып отырған жер учаскесі координаттарының ведомосін салыстырып тексеру актісі		
18	Жобаланып отырған жер учаскесінің жоспары		
19	Жобаланып отырған жер учаскесі шекараларының координаттары мен тараптар ұзындығының жиынтық ведомосі		
20	Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің графикалық деректеріне жобаланып отырған жер учаскесі шекараларының сәйкес келмеу (кабаттасу) схемасы		
21	Межелік белгілерін сақтауға тапсыру актісі		
	Жиынтығы:		

Д.Жұмат.

жерге орналастыру жобасын орындаушысының аты, әкесінің аты
(бар болса), тегі, қолы

2025 жылғы « 25 » желтоқсан

Тапсырыс берушіден қабылданған құжаттардың тізімі

№ р/р	Құжаттың атауы	Парақ саны	Ескертпелер (көшірмелер, түпнұсқалар, формат және т.б.)
1	Тапсырыс берушінің өтініші		Түпнұсқа
2	Қосымша хаттармен жиналыс хаттама құжаттар		көшірмесі
3	Жеке куәлік немесе заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасы		көшірмесі
4	Жер комиссиясы келісім хаттамасы Лицензия (Кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру бойынша)		көшірмесі
5	Сызбалар		көшірмесі

Д.Жұмат

(құжаттарды қабылдаған адамның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы)

«ЕРМАХАН И Д.Н.» ЖШС Искендеров Бауыржан Нуржанович

(құжаттар тапсырған адамның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, қолы) (қолы, күні)



-4-

*Жер учаскелерін қалыптастыру
жөніндегі жерге орналастыру жобасын
жасау қағидаларына 5-қосымша*

«Qaz-Zem-Agro LTD» ЖШС-нің басшысы
(жерге орналастыру жобасын әзірлеуді жүзеге асыратын жеке тұлғаның аты)

Н.Төнтаевқа

(әкесінің аты (бар болса), тегі немесе заңды тұлғаның толық атауы)
Тел:

(кімнен) **«ЕРМАХАН И Д.Н.» ЖШС**

Искендеров Бауыржан Нуржанович

жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса) немесе заңды тұлғаның толық атауы)
ЖСН(ИИН) 060440007557

мекен жайы: 160918, Қазақстан, Түркістан
Облысы, Келес ауданы, Ақтөбе ауылдық округі,
Лесбек Батыр Ауылы, Керемет көшесі, 9 үй.

ТЕЛ:

(жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі және деректемелері жеке тұлғаның немесе жеке немесе заңды тұлға өкілінің жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі және күні, байланыс телефоны) орналасқан жерінің мекенжайы (заңды тұлғалар үшін) не тұрғылықты жерінің мекенжайы жеке тұлғалар үшін)

Жерге орналастыру жобасын әзірлеуге арналған өтініш

Жаңа жер учаскесін қалыптастыру немесе қолданыстағы жер учаскелерін ретке келтіру бойынша жерге орналастыру жобасын жасауды сұраймын: жер учаскесінің (шекаралардың) сәйкестендіру сипаттамаларын өзгерту; желілік объектілер, оның ішінде темір, автомобиль жолдары, бұрылыс жолақтарымен бірге жер беті, жер үсті және жер асты құбырлары, әуелік электр желілерінің тіреулері, кәбілді электр желілерінің жер беті құрылысжайлары алып жатқан жер учаскесінің сәйкестендіру сипаттамаларын өзгерту; жер учаскесін бөлу; жер учаскелерін біріктіру (қосу); мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қою (керектісінің асты сызылсын).

Жер учаскесінің орналасқан жері (мекен жайы) Түркістан облысы, Келес ауданы, Ақтөбе ауылдық округі, 027 орам

Негізгі мақсаты, жер учаскесінің алаңы: Шөгінді тау жыныстарын (құрылыс құмы) өндіру үшін алаңы 80 га

Өтінішке жер теліміне пайдалану құқығымды растайтын құжаттарды қоса ұсынамын.

Өтініш беруші



«ЕРМАХАН И Д.Н.» ЖШС
Искендеров Бауыржан Нуржанович

Күні _____. 2025 жыл

6-

РЕШЕНИЕ № 01
ЕДИНСТВЕННОГО УЧРЕДИТЕЛЯ

Товарищества с ограниченной ответственностью «Ермахан и Д.Н.»

село Лесбек батыр

«05» января 2024 г.

Я, Искедеров Бауыржан Нуржанович, удостоверение личности №045840225 выданное МВД РК от 14.02.2020 г., проживающий по адресу город Шымкент, улица Желтоксан, дом 19А, кв 4, являясь единственным учредителем ТОО «Ермахан и Д.Н.»

Р Е Ш А Ю:

Назначить директором ТОО «Ермахан и Д.Н.» Искендерова Бауыржана Нуржановича.

Единственный учредитель
«ТОО Ермахан и Д.Н.»



Искендеров Б. Н



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН Ш Е Ш І М

2024 жылғы 27 қараша №5194-24-00-4/968 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты құрамында:

төрағалық етуші судья Ж.Дербисалиева,

Ш.Дадаханованың хатшылығымен,

ашық сот отырысында қойылған талап бойынша әкімшілік істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

«Ермахан и Д.Н.» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕРЛЕР:

Келес ауданы әкімі

Келес ауданы әкімі жанындағы жер комиссиясы

МҮДДЕЛІ ТҰЛҒАЛАР:

«Түркістан облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» мемлекеттік мекемесі

Бауыржан Салдарович Джамалов

Бахыт Ибрагимович Таскулов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

1. Жер комиссиясының қорытындыларына дау айту туралы
2. Әкімнің қаулысына дау айту туралы
3. Қолайлы акті қабылдауға міндеттеу туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:

прокурор А.Аралбекова

талап қоюшының өкілі М.Садыков

талап қоюшының директоры Б.Искендеров

жауапкерлердің өкілі С.Тайрахунов, Г.Бижигитов

мүдделі тұлға Б.Таскулов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Ермахан и Д.Н.» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - Серіктестік) 2006 жылғы 25 сәуірден бастап Қазақстан Республикасының заңнамаларында тыйым салынбаған қызметпен айналысады.

Серіктестік 2024 жылы 21 мамырда №127 кең таралған Түркістан облысы Келес ауданы «Бозсу» С1-ІІ-ІІІ блоктарға кең таралған пайдалы

казбаларды өндіруге лицензия (бұдан әрі- Лицензия) алған. Жер қойнауы учаскесі аумағының шекарасының ауданы 139,5 га құрайды.

2024 жылы 10 маусымда Серіктестік Келес ауданы әкіміне (бұдан әрі- Әкім) Лицензия бойынша қызметін жүзеге асыру үшін жер беру туралы өтінішпен «Е-Өтініш» ақпараттық жүйе арқылы жүгінген.

Серіктестіктің аталған өтініші Келес ауданы әкімдігінің жер Жер комиссиясының (бұдан әрі- Жер комиссиясы) 2024 жылы 14 тамыздағы қорытындысымен Серіктестікке сұратылған жер беруден бас тартылған. Негіздеме: елді мекен тұрғындары бір ауыздан келіспейтіндігі, мал жайылым, жолдың бұзылуы, ауыл шаруашылық жерлеріне және табиғатқа зиян келуі деп көрсетілген.

Аталған қорытынды туралы Әкім 2024 жылғы 21 тамыздағы №3Т-2024-04338233 хатымен Жер комиссиясының 2024 жылғы 14 тамыздағы №23-34 хаттамасы негізінде теріс қорытынды (бұдан әрі –№1 Қорытынды) қабылдағандығыны туралы хабарлаған.

2024 жылы 25 қыркүйекте Серіктестік пен Жер комиссиясы өзара келісімге келіп, Серіктестік қайта жер беру туралы өтініш Әкімге жолдаған.

Жер комиссиясы 2024 жылы 15 қазанда №24-4 қорытындысымен (бұдан әрі –№2 Қорытынды) аталған өтінішті қарап, Лицензияда көрсетілген жер қойнауына арналған жерді беруден екінші рет бас тартқан.

Содан Әкім 2024 жылғы 16 қазандағы №274 қаулы (бұдан әрі- Даулы қаулы) қабылдап, онда Лицензия міндеттемелерін орындау үшін көпшілік пайдаланылатын жайылымдар жеке меншікке және жер пайдалануға берілмейді, жеке ауылдағы ауыл шаруашылығы жануарларын жаю үшін халық мұқтажына ғана пайдаланатындықтан және бос жер учаскелері болмауына байланысты 139,5 га жер учаскесі өтеулі уақытша пайдалануға жалға беруден бас тарту мақұлдандын деп көрсетілген.

Талап қоюшы сотқа талап қоюмен жүгініп, онда Жер комиссиясымен №1,2 қорытындылар Серіктестіктің құқықтары мен материалдық мүдделерін бұзатынын, Келес ауданы Ақтөбе ауылдық ооркгі әкімшілігі мен жұмыс беруші арасында меморандум жасалғанын, жер қойнауын пайдалану операцияларының салдарын жою жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатындағы сақтандыру шартын және жер қойуын пайдалану операцияларының салдарын жою жөніндегі уәкілетті органға, яғни Түркістан облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасына (бұдан әрі- Басқарма) ұсынылған, жер кодексіне сай Серіктестікке бұл жағдайда жер дереу берілу керек екенін алға тартып, сотта талапты ұлғайтып, өзгертіп, соттан:

1. Жер комиссиясының 2024 жылғы 14 тамыздағы № 23-34 және 15 қазандағы №24-4 қорытындыларын заңсыз деп танып, күшін жоюды;
2. Келес ауданы әкімінің 2024 жылғы 16 қазандағы №274 қаулысын заңсыз деп танып, күшін жоюды;

3. Жер комиссиясына Серіктестіктің 2024 жылғы 25 қыркүйектегі өтінішін қайта қарап, қолайлы акті қабылдауға міндеттеуді сұраған.

Жауапкер Жер комиссиясы талапты мойындамай, онда №1 қорытындысымен сұратылған жерді беруден бас тартқанын, содан аталған істі қарау барсында Серіктестік пен Жер комиссиясы 2024 жылы 27 қыркүйекте татуласу келісімі түзгенін, татуласу келісімі сот тарапынан бекітілмегенін. Татуласу келісімінің 1-тармағына сәйкес Жер комиссиясы өзінің №1 қорытындысының күшін жоюға, Серіктестіктің кең тараған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған лицензия міндеттемелерін орындау үшін 139,5 гектар жер учаскесін беру мәселесі Жер комиссиясында қайта қарағанын, бірақ Жер комиссиясы оң қорытынды беруге өзіне міндеттеме алмағанын. Жер комиссиясы алқалы орган болып табылатынын, содан ашық дауыспен өтінішке екінші рет те бас тартқанын алға тартып, соттан талапты қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Жауапкер Әкім пікірінде талапты мойындамай, Жер комиссиясының пікірі тектес уәждер көрсетіп, мұндай санаттағы жерді беру өздерінің құзыретіне кірмейтінін, сондықтан, даулы қаулыны татуласу келісімінің 4-тармағына сәйкес тиісті құжаттарымен қоса түпкілікті шешім қабылдау үшін Түркістан облысы жер қатынастары басқармасына жолдағанын көрсетіп, соттан талапты қанағаттандырудан бас тартуды сұраған.

Мүдделі тұлға Түркістан облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасымен (бұдан әрі-Басқарма) әкімшілік талап қоюдағы көрсетілген талаптар заңды, ал баяндалған дәлелдері негізді деп санайтындарын, Түркістан облысы, Келес ауданы, «Бозсу» С1-II, III блоктарға кен орнынан кең таралған пайдалы қазбаларды өндіруге 21 мамыр 2024 жылы № 127 лицензия берілгенін, бұл келісімшарттың қолдану мерзімі 10 жыл лицензияда көрсетілгенін, міндеттемелер олар жыл сайынғы ең төменгі шығыстарды жүзеге асыру 18 080 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі-АЕК) мөлшерінде, тау-кен бөлісіннің аумағы 139,5 гектар құрайтынын, одан бөлек, Серіктестік шарт аясында өңірдің әлеуметтік экономикалық дамуына 500 АЕК мөлшерінде жыл сайынғы төлемдер жүргізетінін, «Қазақстан Республикасының Жер кодексі» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы № 442 (бұдан әрі-Кодекс) кодексінің 32-бабының 4-тармағына сәйкес «Пайдалы қатты қазбаларды өндіруге, жер қойнауын кеңістігін пайдалануға немесе кең іздеушілікке арналған лицензияның болуы, көмірсутектерді өндіруге арналған келісімшартты немесе өндіру учаскесінің және өндіру кезеңінің не дайындық кезеңінің бекітіп берілуі көзделетін көмірсутектерді барлау мен өндіруге арналған келісімшартқа толықтыруды немесе осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген жер қойнауы учаскесін сенімгерлік басқару шартын жасасу осы Кодексте көзделген тәртіппен жер учаскесін дереу беру үшін негіз болып табылатынын алға тартып, соттан талапты қанағаттандыруды сұрады.

Қалған екі мүдделі тұлға пікірлерін ұсынбады.

Сотта талап қоюшының басшысы және оның өкілі толық талаптағы уәждерді қолдап, Серіктестіктің жұмыс жасауына кедергі жасап отырғандарын алға тартып, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер жер комиссиясының өкілі С.Тайрахунов пікірдегі уәжді қолдап, талапты қанағаттандырудан бас тартуды, сұратылып отырған жер учаскесі ортақ мал жайылымына арналғанын, сол жердің тұрғындары қарсы екенін, №2 қорытындыда оның негізін көрсетпеген себебі ашық дауысқа салғанда көпшілік дауыспен бас тартуды қолдағандықтан солай қорытынды берілгенін көрсетті.

Жауапкер Әкімнің өкілі Г.Бижигитовте осы тектес түсінік беріп, соттан талапты қанағаттандырудан бас тартты.

Мүдделі тұлға Басқарманың өкілі сотта талапты қолдайтынын көрсетті, бірақ техникалық ахауаға байланысты сотқа онлайн түрде әрі қарай қатыса алмады.

Мүдделі тұлға Б.Таскулов сотта талаппен келіспейтінін, оның жерінің жалпы алаңы 31 га бөлігі талап қоюшымен сұратылған жермен беттесіп түсетінін, ол суармалы жер болғанымен, су келмейтінін, сондықтан мақсаты бойынша пайдалана алмай отырғанын, алдын талап қоюшыға беруге келісіп, нотариаттық түрде куәландырып жазып бергенін, себебі талап қоюшымен келісімге келгенін, бірақ талап қоюшы келісімді орындамағанын, алайда сотта барлық жағдайды түсінгендіктен талап қоюшыға жерді беруге қарсы емес екенін көрсетті.

Мүдделі тұлға Б.Джамалов сот отырысының өтетін орны, күні және уақыты тиісті түрде хабарланғанымен, сотқа дәледі себепсіз келмеді.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі - ӘРПК) Әкімшілік іске қатысатын адамдардың келмеуі оларға тиісінше хабарланған жағдайда сот отырысын өткізуге кедергі болып табылмайды.

Осыдан сот, істі аталған мүдделі тұлғаның қатысуынсыз қарады.

Талап қоюшымен талаппен жүгіну мерзімі өтпеген.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Сотта іс құжаттарынан және тараптардың түсініктерінен анықталғаны:

Серіктестік Лицензия алған, сәйкесінше осы Лицензияда көрсетілген мемлекет алдында алған міндеттерін орындау мақсатында жұмыс жасау үшін Лицензияда көрсетілген жер учаскелерін беру туралы Әкімге 2024 жылы 10 маусымда өтінішпен жүгінген, Әкім жер комиссиясына жолдаған, содан соңғы 2024 жылы 14 тамыздағы қорытындысымен жер беруден бас тартқан. Аталған қорытындыны Әкім 2024 жылғы 21 тамыздағы хатымен ғана Серіктестікке жолданған.

Содан Серіктестік сотқа 2024 жылы 2 қыркүйекте сотқа талап қоюмен жүгінген, істі сотта қаралу барсында соттың қатысуынсыз тараптар татуласу

келісімге келіп, 2024 жылы 25 қыркүйекте Серіктестік екінші рет жоғарыда аталған жер учаскесін сұрап Әкімге жүгінген, Әкім тағы да Жер комиссиясына жолдап, онда жер комиссиясы 2024 жылғы 14 тамыздағы қорытындының күшін жойып, сол күні Серіктестіктің екінші өтінішіне де бас тарту туралы қорытынды қабылдаған.

Содан аталған қорытынды негізінде Әкім даулы қаулыны қабылдап, Түркістан облысының әкіміне жолдаған.

Сотта Серіктестік талабын өзгертіп, ұлғайтып, соттан жоғарыда көрсетілген жер комиссиясының қорытындыларын және даулы қаулыны заңсыз деп танып, күшін жоюды, жер комиссиясына Серіктестіктің 2024 жылғы 24 қыркүйектегі арызын қайта қарап, қолайлы акті қабылдауды міндеттеуді сұрап, талабын Жер кодексінің 32-бабына негіздеген.

Сотта Түркістан облысының жер қатынастары басқармасының хатына сай Келес ауданы, Ақтөбе ауылдық округі, Құйған елді мекенінің жалпы жер көлемі 278,76 га құрайтынын, оның ішінде: елді мекен шегіндегі тұрғын үй, әлеуметтік, коммерциялық аймағындағы жерлер 74,76 га, ортақ пайдаланудағы мал жайылымы 175,0 га, коллектор 25,0 га, жолдар 1,0 га, қора 1,0 га, мал шомылдыру орны 0,50 га, құдық 0,50 га, өзге жерлер 1,0 га.

Келес ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 31 қаңтар №25 қаулысы мен Келес аудандық маслихатының 2020 жылғы 31 қаңтар №22-161-VI бірлескен шешімімен Келес ауданы бойынша елді мекендердің шекаралары бекітілген, бірақ түпкілікті Әкіммен қаулы қабылданбаған және ол жерлер тиісті органда базалық деректерге енгізілмеген.

Түркістан облысының Ветеринариялық басқармасының 2024 жылғы 7 қарашадағы хатына қарағанда Келес ауданы, Ақтөбе ауыл округі, Құйған елді мекенінде ағымдағы жылдың 5 қарашасында ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқор базасында 710 бас МІҚ, 469 бас уақ мал және 281 бас жылқы тіркелген.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Түркістан облысы бойынша филиалының мәліметіне қарағанда мүдделі тұлға Б.Таскуловқа 2021 жылғы 29 қаңтардағы №33 жер учаскесін жалға беру туралы Келісім шарты негізінде шаруа қожалығын жүргізу үшін жалпы көлемі 40,0 га, 5 (бес) жыл мерзімге берліген жердің 31,2 га Серіктестікпен сұратылған жерге беттесетінін анықталған.

№1,2 талап бойынша:

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің (бұдан әрі-Жер кодексі)16-бабының 1-тармағының 2) тармақшасына сай облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының құзыретіне жер қойнауын пайдалану (өндіру жөніндегі; бірлескен барлау және өндіру жөніндегі; барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылысжайларын салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін),

магистральдық құбыржолдарды, мұнай мен газды қайта өңдеу объектілерін салу (реконструкциялау) мақсаттары үшін жер учаскелерін беру, сондай-ақ пайдалы қазбалардың кен орындары табылған кезде және оларды игеру үшін, магистральдық құбыржолдарды салу үшін жер учаскелерін мемлекет мұқтажына мәжбүрлеп иеліктен шығару кіреді.

Жер кодексінің 14-1-бабының 1-тармағы 1) тармақшасына сай Облыстың уәкілетті органының құзыретіне: осы Кодекстің 44-2-бабында өзгеше көзделмесе, облыстың жергілікті атқарушы органының жер қойнауын пайдалану мақсаттары (өндіру жөніндегі; бірлескен барлау және өндіру жөніндегі; барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін), магистральдық құбыржолдарды, мұнай және газ өңдеу объектілерін, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілерді салу (реконструкциялау) үшін, өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілерінің өнеркәсіптік-инновациялық жобалары, инвестициялық басым жобаларды Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес іске асыру, жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту үшін жер учаскелерін беру жөніндегі, сондай-ақ пайдалы қазбалардың кен орындары табылған кезде және оларды игеру үшін, магистральдық құбыржолдарды салу (реконструкциялау), жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту үшін жер учаскелерін мемлекет мұқтажына мәжбүрлеп иеліктен шығару жөніндегі ұсыныстарын және шешімдерінің жобаларын дайындау кіреді.

Жоғарыда көрсетілген заң нормасының мазмұнына қарағанда Лицензияға қатысты жерді беру туралы шешімді Түркістан облысының әкімі қабылдайды және уәкілетті орган Түркістан облысының «Жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі ұсыныстарды және шешімдерді дайындайды.

Осыдан сот, Әкім Серіктестіктің Лицензияға сай жер беру туралы 2024 жылғы 10 маусымындағы және 25 қыркүйегіндегі арыздарын қарау құзыретіне кірмейтіндігіне қарамастан Жер комиссиясына жолдап, онда Жер комиссиясы да отырыста қарап, сондағы елді мекендегі тұрғындарды даурықтырып, жердің басына барып, заңсыз №1, №2 қорытындылар қабылдаған және заңсыз қабылданған №2 қорытынды нәтижесі бойынша Серіктестікке жер беруден бас тарту мақұлданысын деген даулы қаулыны қабылдаған деп қорытады.

Жер кодексінің 43-бабының 7-тармағында жер учаскелерін беру жоғары тұрған жергілікті атқарушы органның құзыретіне кіретін жағдайларда төмен тұрған жергілікті атқарушы орган, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі жерге орналастыру жобасын осындай берудің мүмкін екендігі туралы өз шешімімен бірге жоғары тұрған жергілікті атқарушы органға түпкілікті шешім қабылдау үшін жібереді.

Сот аталған нормадан әкімшілік рәсім Түркістан облыс әкіміне өтініш түскенде қозғалуы, содан кейін ғана Келес ауданы әкімі тек жерге орналастыру жобасын осындай берудің мүмкін екендігі туралы шешімін, сол рәсімнің бір бөлігі ретінде беруі тиіс болған деп табады.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі-ӘРПК) 65-бабының бірінші бөлігінде жолданымды қарау өкілеттігіне кірмейтін әкімшілік органға, лауазымды адамға келіп түскен жолданым, келіп түскен күнінен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде әкімшілік рәсімге қатысушыға бір мезгілде хабардар ете (хабарлай) отырып, уәкілетті әкімшілік органға, лауазымды адамға жолданады.

Сонымен сот, Әкім ӘРПК-нің 65-бабының талабын өрескел бұзып, Серіктестіктің жер беру туралы өтініштерін Түркістан облысы әкіміне жолдаудың орнына, құзыреті шегінен шығып қабылдап, өтініштерді Жер комиссиясына жолдап, нәтижесі бойынша қабылданған №2 қорытындыға сай заңсыз даулы қаулыны қабылдағанын анықтады.

Дегенімен, сот бұл жағдайда Әкімнің даулы қаулысы түпкілікті шешім ретінде қабылданып, талап қоюшыға ауыртпалық салып тұр деп бағалайды.

Сондай-ақ, Жер комиссиясы да осы қателікке жол берілген, себебі бұл жауапкер Жер кодексінің 14-1-бабында көрсетілген уәкілетті орган болып табылмайды.

Одан бөлек, сотта Жер комиссиясының аудио-бейне жазбаларын зерделеу кезінде бұл жауапкердің 2024 жыл 14 тамыздағы қорытындыны қабылдағанда мәселені мүлдем ашық дауысқа салмағаны, тек күн тәртібін дауысқа салғаны, ал қорытындыға Жер комиссия мүшелері өз беттерінше қол қойып, қабылданғаны анықталды.

Бұл факті бойынша Жер комиссиясының хатшысы С.Тайрахунов сотта берген түсінігінде Жер комиссиясының мүшелері бір күн бұрын құжаттармен танысқан, сондықтан өздері осылай қол қояды деп көрсетті. (дәлел 2024 жылғы 14 тамыздағы жер комиссиясымен жүргізілген аудио-бейне жазба).

Сондай-ақ, 2024 жылғы 15 қазандағы Жер комиссиясы отырысының аудио-бейне жазбасын зерделеу кезінде Жер комиссиясы 2024 жылғы 14 тамыздағы қорытындысын дауыс беру арқылы күшін жою туралы, содан кейін Серіктестіктің 2024 жылғы 25 қыркүйектегі өтініші бойынша бас тарту туралы қорытындыларды ашық дауысқа салып қабылдағаны, онда Әкімнің орынбасары С.Джилкибаевтың өзі төрағалық еткені, бірақ дауыс беру алдында төраға қаралатын мәселе бас тартылуға жататыны туралы өз ойын білдіріп, содан кейін ғана дауысқа салғанын анықталды.

ӘРПК-нің 116-бабының бірінші бөлігінде сот талап қоюдың мәлімделген негіздемесімен байланысты болмайды, бірақ талап қою талаптарының шегінен шығуға құқылы емес деп көрсетілген.

Сондықтан, сот істі қарау барысында талап қоюда мәлімделген негіздерден бөлек жоғарыда көрсетілген негіздерді анықтады.

ӨРПК-нің 7-бабының бірінші бөлігінде әкімшілік орган, лауазымды адам әкімшілік рәсімдерді өз құзыреті шегінде және Қазақстан Республикасының Конституциясына, осы Кодекске және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырады.

Өз кезегінде ӨРПК-нің 6-бабының төртінші бөлігіне сай әкімшілік рәсімдердің және әкімшілік сот ісін жүргізудің қағидаттарын бұзу оның сипатына және елеулі болуына қарай әкімшілік актілерді, әкімшілік әрекеттерді (әрекетсіздікті) заңсыз деп тануға, сондай-ақ шығарылған сот актілерінің күшін жоюға алып келеді делінген.

ӨРПК-нің 84-бабының бірінші бөлігінде Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдер туралы заңнамасын бұзу, егер мұндай бұзу дұрыс емес әкімшілік акт қабылдауға алып келсе не алып келуі мүмкін болса, әкімшілік актіні заңсыз деп тану үшін негіз болып табылады.

ӨРПК-нің 156-бабының талаптарына сай егер талап қоюшының құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қозғайтын, ауыртпалық түсіретін әкімшілік актіге дау айту туралы талап қою негізді болып табылса және сот оның заңсыздығын таныса, онда ол толық немесе қандай да бір бөлігінде оның күшін жояды.

Істің мұндай объективті тұрғысында жауапкерлер ӨРПК-нің заңдылық қағидатын, 65-бабының және Кодекстің 14-1, 16-баптарындағы заң нормаларын бұзып, даулы қорытындылар мен даулы қаулыны қабылдаған деп қорытып, сондықтан олар заңсыз деп танылып, күші жойылуға, №1,2 талап қоюлар қанағаттандырылуға жатады деген тұжырымға келді.

№3 талап бойынша:

ӨРПК-нің 155-бабының бірінші және екінші бөліктеріне сай сот шешім шығару кезінде дәлелдемелерді бағалайды және қандай мән-жайлар анықталғанын, осы әкімшілік іс бойынша қандай құқықтық акт қолданылуға тиіс екенін және талап қоюдың қанағаттандыруға жататынын-жатпайтынын айқындайды. Егер әкімшілік істе бірнеше талап қойылса, онда сот барлық талаптар бойынша шешім шығарады.

Әкімшілік орган, лауазымды адам әкімшілік қалауды жүзеге асырған кезде сот Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерден асқанын-аспағанын және әкімшілік қалауды жүзеге асыру осы өкілеттіктің мақсаттарына сәйкес келетінін-келмейтінін де тексереді.

Жоғарыда анықталғандай Серіктестікпен сұратылып отырған жер учаскесін беру, не бермеу жауапкерлердің құзыретіне кірмейтіндіктен, яғни Кодексте белгіленген шектен асуға құқығы жоқ болғандықтан, сот талап қоюшының жер комиссиясына жер беру туралы қолайлы акті қабылдауға мәжбүрлеу туралы талабы қанағаттандырудан бас тартылуға жатады деп тұжырымдап, талаптың бұл бөлігін қанағаттандырудан бас тартады.

Осыдан сот, жалпы талап қою ішінара қанағаттандырылуға жатады деп қорытады.

ӘРПК-нің 122-бабының бірінші бөлігінде сот шығыстарын бөлу жөніндегі мәселелер Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі-АПК) қағидалары бойынша қаралады.

АПК-нің 109-бабының бірінші бөлігіне және Салық кодексінің 108-бабының 4-тармағына сай талап ішінара қанағаттандырылған себепті, талап қоюшымен талаптану кезінде жергілікті бюджетке төленген мемлекеттің баждың екі талап бойынша барлығы (3 әкімшілік акті бойынша * 5АЕК= 55 380 теңге) 55 380 теңге осы бюджеттен талап қоюшыға кері қайтарылуға жатады.

ӘРПК-нің 151-152, 156-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ :

Талап қоюшы «Ермахан и Д.Н.» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкерлер Келес ауданы әкімдігінің жер комиссиясына және Келес ауданы әкіміне, мүдделі тұлғалар «Түркістан облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» мемлекеттік мекемесіне, Бауыржан Салдарович Джамаловқа және Бахыт Ибрагимович Таскуловқа жер комиссиясының қорытынды хаттамаларына, қаулыға дау айту және қолайлы акті қабылдауға міндеттеу туралы талап қоюы ішінара қанағаттандырылсын.

Түркістан облысы, Келес аудандық әкімдігі жанындағы жер комиссиясының 2024 жылғы 14 тамыздағы № 23-34 және 2024 жылғы 15 қазандағы №24-4 қорытындылары және Келес ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 16 қазандағы №274 қаулысы заңсыз деп танылып, күші жойылсын.

Талаптың қалған бөлігі қанағаттандырылудан бас тартылсын.

Жергілікті бюджеттен «Ермахан и Д.Н.» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне 55 580 (елу бес мың бес жүз сексен) теңге кері қайтарылсын.

Заңды күшіне енбеген соттың шешіміне әкімшілік процеске қатысушылар апелляциялық шағымын, ал прокурор апелляциялық өтінішхатын осы Кодекстің 31-бабында көзделген әкімшілік істер бойынша түпкілікті нысанда шешім шығарылған күннен бастап екі ай ішінде Түркістан облыстық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты арқылы беруі мүмкін.

Судья:

Ж. Дербисалиева





ЛИЦЕНЗИЯ на добычу общераспространенных полезных ископаемых

№ 127 от «21» мая 2024 года

1 Выдана ТОО «Ермахан и Д.Н» (БИН: 060 440 007 557) Юр.адрес: Туркестанский область, Келесский район, Актюбинский сельский округ, село Лесбек батыр, улица Керемет, дом 9. (далее – Недропользователь) и предоставляется ему право на пользование участком недр в целях проведения операций по добыче общераспространенных полезных ископаемых в соответствии с Кодексом Республики Казахстан от 27 декабря 2017 года «О недрах и недропользовании» (далее – Кодекс).
Размер доли в праве недропользования: Искендеров Бауыржан Нуржанович - 100%.

2 Условия лицензии:

- 1) срок лицензии 10 лет со дня ее выдачи;
- 2) границы территории участка недр площадью 139,5 га, со следующими географическими координатами:

№ п/п	С.Е.	Ж.Б.
1	40°57'37,39"	68°38'16,00"
2	40°57'45,10"	68°39'11,70"
3	40°57'00,00"	68°39'14,47"
4	40°57'00,00"	68°38'38,73"

3 Условия недропользования предусмотренные статьей 31 Кодекса:

Наименование, местонахождение участка недр (месторождения):

Месторождение: «Бозсу» блок С.П. III Келесский район, Туркестанской области;

Наименование полезного ископаемого: осадочные горные породы (строительный песок);

Самостоятельное расположение территории участка прилагается к настоящей лицензии.

4 Обязательства Недропользователя:

4.1 уплата подписного бонуса в размере 738 400 тенге до 3 июня 2024 года;

4.2 уплата в течение срока лицензии платежей за пользование земельными участками (арендных платежей) в размере и порядке в соответствии со статьей 563 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс)»;

4.3 ежегодное осуществление минимальных расходов на операции по добыче общераспространенных полезных ископаемых: 18 080 месячных расчетных показателей (МРП).

4.4 Ежегодные отчисления на социально-экономическое развитие региона и развитие его инфраструктуры в размере 500 месячных расчетных показателей (МРП).

4.5 дополнительные обязательства недропользователя: обеспечение обязательств по ликвидации последствий деятельности на участке добычи полезных ископаемых (его части) при прекращении недропользования.

5 Основания отзыва лицензии:

5.1 нарушение требований пункта 1 статьи 44 Кодекса, повлекшее угрозу национальной безопасности;

5.2 нарушение условий лицензии, предусмотренных подпунктами 1) - 4) пункта 4) настоящей лицензии;

5.3 основания отзыва лицензии в соответствии со статьей 278 Кодекса.

6 Государственный орган выдавший лицензию

7 Подпись предпринимателя и

8 Подпись представителя Туркестанский области

Руководитель


Н. Мырзахметов

г. Туркестан, Республика Казахстан



-17-

Схема земельного участка ТОО "Ермахан и Д.Н" (согласно предоставленных координат)



Основные обозначения:

- Населенные пункты (N слой)
- Земельные участки (U слой)
- Испрашиваемый отвод



23191762686

Ұ Й Ғ А Р Ы М

2025 жылғы 1 желтоқсан

№5194-25-00-4/947 іс

Түркістан қаласы

Түркістан облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты, құрамында төрағалық етуші судья Г.Мекембай, хатшылықта Ф.Сарсекованың отыруында, ашық сот отырысында, талап қоюшы «Ермахан и Д.Н.» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкерлер Түркістан облысының әкіміне, Түркістан облысының жер қатынастары басқармасына, Келес ауданы әкімі жанындағы жер комиссиясының төрағасына, Келес ауданының жер қатынастары бөліміне, мүдделі тұлға Түркістан облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» мемлекеттік мекемесіне Түркістан облысы әкімінің арызды қадағаламау әрекетсіздігін заңсыз деп тану, жер қатынастары басқармасының арызды жер комиссиясына ұсынбай, ауданның жер комиссиясына жолдау әрекетін заңсыз деп тану, жер қатынастары басқармасын арызды жер комиссиясына ұсынуға міндеттеу, Келес аудандық жер комиссиясының 2025 жылғы 21 сәуірдегі №7-14 қорытындысын заңсыз деп танып күшін жою, Түркістан облысының әкімін кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру үшін уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын беру туралы қолайлы әкімшілік акт қабылдауды міндеттеу туралы талап қою бойынша әкімшілік ісін қарап,

АНЫҚТАДЫ :

Талап қоюшы «Ермахан и Д.Н.» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі сотқа жоғарыда аталған талаппен жүгінген.

Аталған істі сотта қарау барысында тараптар төмендегі көрсетілген негіздермен дауды (жанжалды) татуласу тәртібімен реттеу туралы келісімге келген:

1) Жауапкер Келес ауданының жер қатынастары бөлімі, Келес ауданының жер комиссиясының 2025 жылғы 18 ақпандағы №3-1 санды және 2025 жылғы 21 сәуірдегі №7-14 санды хаттамаларын жою үшін 10 (он) жұмыс күн үшінде Келес ауданының жер комиссиясының қарауына ұсынады;

2) Жауапкер Түркістан облысының әкімі өтініш беруші «Ермахан и Д.Н.» ЖШС-нің өтінішін ол түскен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Түркістан облысының жер қатынастары басқармасына облыстық жер комиссиясының қарауына шығару үшін жолдауға міндеттенеді.

3) Жауапкер «Түркістан облысының жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі ұйғарым заңды күшіне енгеннен кейін, өтініш беруші «Ермахан и Д.Н.» ЖШС-нің өтініші түскен күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде облыстық жер комиссиясының кезекті отырысында қарауға міндеттенеді.



4) Жауапкер «Түркістан облысының жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі ҚР Жер кодексінің 43-бабының 2-тармағына сәйкес, жер комиссиясы қорытындысының бір данасы қол қойылған кезден бастап бір жұмыс күні ішінде өтініш берушіге (оның өкіліне) мынадай тәсілдердің бірімен:

қолма-қол;

табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты пошта менелтілімі нысанында;

электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойылған электрондық құжатпен;

өтініш берушінің электрондық пошта мекенжайы бойынша табыс етіледі (жіберіледі).

5) Талап қоюшы «Ермахан и Д.Н.» ЖШС-і жауапкерлердің шарттарымен келіседі және «Түркістан облысы әкіміне», «Түркістан облысының жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесіне, Келес ауданының жер қатынастары бөлімі және мүдделі тұлға «Түркістан облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» мемлекеттік мекемесіне жасаған талап қою арызын кері қайтарып алады.

Сот тараптардың жазбаша дауды татуласу тәртібімен реттеу туралы келісім шартын зерттеп, тараптардың өтініштері мына төмендегі көрсетілген негіздерімен қанағаттандырылуға жатады деп табады.

ӨРПК-ның 120-бабының 1-бөлігінің талабына сай тараптар өзара жол беру негізінде әкімшілік процестің барлық сатысында (кезеңінде) сот шешім шығаруға кеткенге дейін татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік әдіс тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу арқылы әкімшілік істі тартымдымен немесе ішінара аяқтай алады.

Жауапкердің әкімшілік қалауы болған кезде тараптардың татуласуына жол беріледі.

Сотпен анықталғаны, талап қоюшы мен жауапкер арасында дауды татуласу тәртібімен реттеуге байланысты келісім түзілген.

Сот тараптарға ӨРПК-нің 138-бабының 3-бөлігіне сәйкес тараптар арасында дауды (жанжалды) татуласу тәртібімен реттеу туралы келісім бекітілген жағдайда сол тараптар арасындағы, сол мәселе туралы дау бойынша және сол негіздер бойынша екінші рет сотқа жүгінуге жол берілмейтіні жөнінде түсіндірді.

Сот талап қоюшы мен жауапкерлердің арасында жасалынған татуласу тәртібімен дауды (жанжалды) реттеу туралы келісімі заңға қайшы келмейді немесе басқа үшінші тұлғалардың, тараптардың құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін бұзбайды және жауапкерлердің әкімшілік қалауы бар деген тұжырымға келіп, тараптардың медиация тәртібімен қол жеткізілген келісімін бекітуге жатады деп қарастырады.



АПК-нің 138-бабы 2-бөлігінің 9) тармақшасына сәйкес сот, егер тараптар татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасаса және оны сот бекітсе, іс бойынша талап қоюды кері қайтарады.

Сонымен сот, тараптар дауды татуласу тәртібімен реттеу туралы келісімге келгеніне және ол сотпен бекітілгеніне байланысты талап қоюды кері қайтару қажет деп табады.

ӘРПК-нің 122-бабына сай талаптану кезінде талап қоюшымен төленген 117 948 теңге мемлекеттік баж татуласу келісімі бекітілгеніне байланысты жергілікті бюджеттен кері қайтарылуға жатады.

Жоғарыдағылардың негізінде және ӘРПК-нің 120, 138-баптарын басшылыққа алып, сот

ҰЙҒАРЫМ ЕТТІ :

Талап қоюшы «Ермахан и Д.Н.» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкерлер Түркістан облысының әкіміне, Түркістан облысының жер қатынастары басқармасына, Келес ауданы әкімі жанындағы жер комиссиясының төрағасына, Келес ауданының жер қатынастары бөліміне, мүдделі тұлға Түркістан облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» мемлекеттік мекемесіне Түркістан облысы әкімінің арызды қадағаламау әрекетсіздігін заңсыз деп тану, жер қатынастары басқармасының арызды жер комиссиясына ұсынбай, ауданның жер комиссиясына жолдау әрекетін заңсыз деп тану, жер қатынастары басқармасын арызды жер комиссиясына ұсынуға міндеттеу, Келес аудандық жер комиссиясының 2025 жылғы 21 сәуірдегі №7-14 қорытындысын заңсыз деп танып күшін жою, Түркістан облысының әкімін кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру үшін уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын беру туралы қолайлы әкімшілік акт қабылдауды міндеттеу туралы әкімшілік іс бойынша татуласу келісімді төменде көрсетілген шарттар бойынша бекітілсін:

1) Жауапкер Келес ауданының жер қатынастары бөлімі, Келес ауданының жер комиссиясының 2025 жылғы 18 ақпандағы №3-1 санды және 2025 жылғы 21 сәуірдегі №7-14 санды хаттамаларын жою үшін 10 (он) жұмыс күн үшінде Келес ауданының жер комиссиясының қарауына ұсынады;

2) Жауапкер Түркістан облысының әкімі өтініш беруші «Ермахан и Д.Н.» ЖШС-нің өтінішін ол түскен күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Түркістан облысының жер қатынастары басқармасына облыстық жер комиссиясының қарауына шығару үшін жолдауға міндеттенеді.

3) Жауапкер «Түркістан облысының жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі ұйғарым заңды күшіне енгеннен кейін, өтініш беруші «Ермахан и Д.Н.» ЖШС-нің өтініші түскен күннен бастап 7 (жеті) жұмыс

күні ішінде облыстық жер комиссиясының кезекті отырысында қарауға міндеттенеді.

4) Жауапкер «Түркістан облысының жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі ҚР Жер кодексінің 43-бабының 2-тармағына сәйкес, жер комиссиясы қорытындысының бір данасы қол қойылған кезден бастап бір жұмыс күні ішінде өтініш берушіге (оның өкіліне) мынадай тәсілдердің бірімен:

қолма-қол;

табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты пошта жөнелтілімі нысанында;

электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қойылған электрондық құжатпен;

өтініш берушінің электрондық пошта мекенжайы бойынша табыс етіледі (жіберіледі).

5) Талап қоюшы «Ермахан и Д.Н.» ЖШС-і жауапкерлердің шарттарымен келіседі және «Түркістан облысы әкіміне», «Түркістан облысының жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесіне, Келес ауданының жер қатынастары бөлімі және мүдделі тұлға «Түркістан облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» мемлекеттік мекемесіне жігіт талап қою арызын кері қайтарып алады.

Осы татуласу келісім бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 120-бабының 7-бөлігіне сай сот келісім жасаған адамның өтінішхаты бойынша берілетін атқару парағының негізінде мәжбүрлеп орындалуға жатады.

Талап қоюшы «Ермахан и Д.Н.» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкерлер Түркістан облысының әкіміне, Түркістан облысының жер қатынастары басқармасына, Келес ауданы әкімі жанындағы жер комиссиясының төрағасына, Келес ауданының жер қатынастары бөліміне, мүдделі тұлға Түркістан облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» мемлекеттік мекемесіне Түркістан облысы әкімінің арызды қалғаламау әрекетсіздігін заңсыз деп тану, жер қатынастары басқармасының арызды жер комиссиясына ұсынбай, ауданның жер комиссиясына жолдау әрекетін заңсыз деп тану, жер қатынастары басқармасын арызды жер комиссиясына ұсынуға міндеттеу, Келес аудандық жер комиссиясының 2025 жылғы 21 сәуірдегі №7-14 қорытындысын заңсыз деп танып күшін жою, Түркістан облысының әкімін кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру үшін қысқаша өтеулі жер пайдалану құқығын беру туралы қолайлы әкімшілік акт шығаруды міндеттеу туралы талап қоюы қайтарылсын.

Талап қоюшы «Ермахан и Д.Н.» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне талап қоюды беруде төленген 117 948 (бір жүз он жеті мың тоғыз жүз қырық екі) теңге мемлекеттік баж қайтарылсын.

Ұйғарымға жекеше шағым, прокурордың өтінішхаты ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Түркістан облыстық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты арқылы беріледі.

Судья



Г.Мекембай



23-

**"Азаматтарға арналған үкімет"
мемлекеттік корпорациясы"
коммерциялық емес акционерлік
қоғамының Түркістан облысы
бойынша филиалы**

Қазақстан Республикасы 010000, Түркістан
қ., Төле би көшесі 63

**Филиал некоммерческого
акционерного общества
"Государственная корпорация
"Правительство для граждан" по
Туркестанской области**

Республика Казахстан 010000, г.Туркестан,
улица Төле би 63

23.01.2025 №3Т-2025-00120375

"Ермахан и Д.Н." жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі





На №3Т-2025-00120375 от 14 января 2025 года

